



«ЗАМАНАУИ ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМ»

Шарипов Турарбек Нурлыбекович
Алматы мемлекеттік энергетика және
электронды технологиялар колледжінің
арнайы пәндер оқытушысы,
техника ғылымдарының магистрі


Мақсатым: Білім алушыларға берген білімім мен қалыптастыруға ұмтылған дағдыларымның нәтижелілігін арттыру.

Өзектілігі: «Z буыны» үшін дәстүрлі оқытудың нәтижесінің төмендігі, білім алушылардың білім алуға құштарлығының, қызығушылығының төмендігі.



Нейробиология ғылымында адамның миы 5 бөліктен тұратынын айтады. Дәл осы секілді жануарларда 4 бөліктен тұрады. Айырмашылығы адамның алдыңғы миы (префронтальная кора) – санасы бар, ойлауға жауап береді, қалған бөлігі – артқы бөлігі. Ал осы алдыңғы мидың міндеті: «мен істеймін», «мен істемеймін», «мен қалаймын» деген 3 сұраққа жауап береді.


Алдыңғы мидың міндеттеріне (2 – сурет) сай «мен істеймін» деген жұмыс орындалмаса, онда ми өз жұмысын жасамай артқы мидың алдында жеңіліс тапты, яғни хайуани ми жеңді. Адам өзінің хайуаннан артықшылығын көрсету үшін әрқашан алдығы ми мен артқы мидың соғысы кезінде алдыңғы миға жеңіс беріп отыруы керек. Осындай мысалдар арқылы «миға шабуыл» жасап, жаманнан жиренуге жігерлендіремін.




ТӨРТ ҚҰБЫЛАСЫ ТЕҢ

Қазақта «төрт құбыласы тең адам» деген жақсы тіркес бар. Осы сөзді де мен сабақтарымда мотивация ретінде қолданамын. 3 – суреттен байқағанымыздай «төрт құбыласы тең адам» болу үшін адамда: бай рухани дүние, жақсы көңіл-күй, мықты денсаулық, жоғары табыс болуы керек. Ал суретте осының бәрін біріктіріп, діңгегінде «білім» тұр. Осы арқылы білім алушыларды аянбай білім алуға, оқығанды көңілге тоқуға бағыттаймын.

Бұдан басқа мотивациялық әдістерімде «шыбын мен ара» және «қыран мен тауық» мысалдарын келтіріп, білім алушыларды ара емес шыбын болуға, тауық емес қыран болуға жол сілтеп, жігерлендіремін.




СИНУСОИДА ГРАФИГІ – САБАҚ УАҚЫТЫ



Сабақтың жартысына (π) жеткенде білім алушының миы шаршайды, қабылдауы төменгі шекке жетеді, осы кезде миға жаттығулар жасатып, медитация жасатып немесе рух беретін музыкалар тыңдау арқылы демалыс орын алады да, π мен $3\pi/2$ аралығында жаңа тақырып бекітіліп, 2π -ге дейін бақылау сұрақтары мен рефлексия жүргізіліп, аяқталады.



Ал сабақ уақытын келесі суреттегі синусоидалы графиктің периодындай қабылдаймын. 2π – сабақтың толық уақыты болса, үй тапсырмасын $\pi/2$ -ге дейін сұрап үлгеріп, жаңа тақырыпты бастаймын. $\pi/2$ мен π аралығында жаңа тақырыпты толығымен түсіндіремін, синусоида графигінің қисығы уақытқа байланысты білім алушының қабылдауын көрсетеді.



ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

- Socrative/Student және Socrative/Teacher интернет программасы

- kahoot.it/Student және kahoot.it/Teacher интернет программасы



«Bingo» әдісі

«D.E.E.P. Questions» әдісі.

1-кесте. «Bingo»

2-кесте. «D.E.E.P. Questions»

Сипаттау	Эмоция	Бағалау	Ұсыныс
Тақырыпта не жайлы айтылған?	Ең қызықты бөлігі қандай?	Тақырыптың маңыздылығы неде?	Сізде қандай ой пайда болды?
Қандай сөздер ерекшеленеді?	Не шабыттандырды? Не ұнады?	Бұл сіздің жеке басыңызға қалай әсер етті?	Осы тақырыптан алған біліміңізді қай жерде қолдана аласыз?
Сіздің назарыңызды не аударды?	Сізге тақырыптың шынымен қай жері түсініктірек болды?	Бұл тақырыптан кейін қандай көзқарастар қалыптасты?	Осы тақырыптан соң қандай ойда болдыңыз?

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ГАДЖЕТТЕР

ВИРТУАЛЬНАЯ ДОСКА (ОНЛАЙН-ДОСКА)
СЕТЕВОЙ СЕРВИС PADLET



Padlet желілік қызметі




Genially

Это универсальный онлайн-инструмент для создания потрясающих презентаций, интерактивных изображений, викторин, инструкций, инфографики, таблиц, тестов, игр, обзоров, видеопрезентаций, резюме, анкет и материала для социальных сетей

Genially является мировым лидером в области интерактивных визуальных коммуникаций.

Genially

Интерактивный плакат



Интерактивті плакат

НӘТИЖЕ

Білім беруде үрдісінде мотивациялық-тренингті қолдану арқылы алға қойған мәселелерді шешу, қарым-қатынас, жігерлілік, өз-өзіне сенімділік, ойлаудың сыншылдығы, өзін-өзі басқару қабілеттілігі және өзіндік «менін» - дамытуға жағдай жасалады.

Мотивациялық-тренингтік әдістің нәтижелі болуы оқыту барысында шешімін табуға тиіс міндеттерге оқытушының ықпал ете алуына байланысты.

Заманауи мұғалім оқыту стратегиясының барлық мүмкіндіктерін қолдану үшін түрлі педагогикалық тәсілдерді құрамдастыруда әртүрлі арсеналы болу қажет.

Қорыта айтқанда берілген білім нәтижелі болуы үшін білім алушыны шабыттандыру керек. Уильям Уордтан қалған сөзбен ойымды аяқтаймын.

«Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді,
Ұлы мұғалім шабыттандырады».

Мотивациялық-тренингтік әдісті қолдану нәтижесінде білім алушылардың білімінің деңгейі өскенін және тәжірибелік жұмыстарды орындау дағдыларының қалыптасқанын, қабілеттерінің белгілі бір деңгейде дамығанын байқадым.

Жалпы алғанда тренингтің түрі көп, мен оны төмендегі сурет арқылы көрсете кеткенді жөн санадым.





Қолданылған әдебиеттер:

1. Марасанов Г.И. Социально-психологический тренинг. М.;1998.
2. Абрамова Г.С. Введение в практическую психологию. Брест,1993.
3. Богомолова Н.Н. Петровская П.А. Социально-психологический тренинг как форма обучения общению. Прага: 1981.
4. www.abristraining.kz

КӨҢІЛ ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

